

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Жаратылыстану және география
институтының директоры

Кай К.Д.Каймулдинова

«*27*» _____ *04* 2018 ж.

**6М011600 – география мамандығы
бойынша қабылдау емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2018

Бағдарламаны құрастырушылар:

ғ.ғ.д., профессор Абдиманапов Б.Ш.

ғ.ғ.к., аға оқытушы Боранқұлова Д.М.

Елтану және туризм кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № 9 хаттама.
«23» 04 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:
ЖІИ директорының оқу ісі жөніндегі
орынбасары




Абдиманапов Б.Ш.

Мукатаева Ж.С.

Бағдарлама Жаратылыстану және география институтының Ғылыми Кеңесінің
отырысында мәжілісінде талқыланды.

«27» 04 2018 ж., хаттама № 9

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚАБЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Жер – Күн жүйесіндегі планета ретінде. Жердің айналуы мен оның салдарлары. Күн жүйесіндегі өзге планеталар ішіндегі Жердің орны. Күннен қашықтығы. Пішіні мен өлшемдері. Жер қозғалыстары. Орбиталық және осьтік қозғалыс. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы. Тенесу күндері.

Жердің құрылымы, құрамы, геологиялық дамуы жайында қазіргі көзқарастар. Литосфералық плиталардың тектоникасы жайындағы концепцияның негізгі жағдайлары. Жердің жасы, Жер құрылымы: ядро, мантия, жер қыртысы. Жер қыртысының құрамы: Магмалық, шөгінді, метаморфтық тау жыныстары. Жер қыртысының құрылымы: материктік және мұхиттық жер қыртысы. А.Вегенердің «материктер дрейфі гипотезасы». Қазіргі Жер бетінің қалыптасуы.

Жер бедерінің қалыптасуындағы тектоникалық процестердің рөлі. Неотектоника туралы түсінік. Жер бедерін қалыптастыратын ішкі күштер, олардың әрқайсысының ықпалы. Тектоникалық процестердің сипаты. Неотектоника – жаңа тектоникалық қозғалыстар. Неотектоникалық қозғалыстардың сипаты (көтерілу, төмен түсу және т.б.) және қарқындылығы.

Жер бедерін қалыптастырушы эндогендік және экзогендік факторлар. Жер бедерін қалыптастырушы эндогенді факторлары: Тектоникалық қозғалыстар: жер қыртысындағы қатпарлы, жарықшақты, тік және тербелмелі қозғалыстар. Жер қыртысындағы неотектоникалық қозғалыстардың жер бедерін қалыптастырудағы рөлі. Магматизм және жер бедері. Жер сілкірудің жер бедерін қалыптастырудағы орны. Жер бедерін қалыптастырушы экзогендік факторлары: химиялық, физикалық және органикалық үгілу. Флювийлік процестер мен оның түрлері. Карст, карстық бедер пішіндері. Гляциалдық процестер. Мәңгі тоң аймағындағы жер бедері, аридтік аймақтардағы бедер пішіндері. Теңіздің жағалық процестері.

Жер планетасы. Пішіні және өлшемі. Жердің ішкі құрылысы. Жердің пішіні. Геоид туралы түсінік. Жердің өлшемдері (экватор ұзындығы, радиус өлшемдері). Ішкі құрылысы: ядро, мантия. Жер магнетизмі.

Жер қыртысының даму кезеңдері. Геохронологиялық кесте. Жердің Архейлік кезеңдегі дамуы. Жердің протерозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің палеозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің мезозойлық кезеңдегі дамуы. Жердің кайнозойлық кезеңдегі дамуы. Абсолюттік және салыстырмалы жасты анықтау әдістері. Геохронология кесте туралы түсінік. Стратиграфия ұғымы. Абсолюттік және салыстырмалы геохронология. Зерттеу әдістері. Геохронологиялық кесте. Стратиграфиялық негізгі бөлімдер. Жердің және жер қыртысының жасын анықтау.

Минералдар және тау жыныстары. Тау жыныстарының жіктелуі. Жер қыртысының минералогиялық құрамы. Минералдар. Минералдардың физикалық қасиеттері. Моосшкаласы. Минералдардың шығу тегі. Минералдардың жіктелуі. Таужыныстары және олардың шығу тегіне қарай жіктелуі

Климат қалыптастырушы факторлар (күн радиациясы, атмосфера циркуляциясы, жер бедері, мұхиттардың алыс және қашықтығы, төсеніш беттің сипаты). Күн радиациясы: тура, шашыранды және жиынтық радиация; Оның Күн сәулесінің түсу бұрышына тәуелділігі. Циклон, антициклон. Қысым белдеулері. Жер бедерінің климатқа әсері, климаттық «барьерлер». Мұхит ағыстарының климатқа әсері.

Атмосфера. Құрамы және құрылысы. Атмосфераны қорғау проблемалары. Жер атмосферасы жайлы жалпы мәліметтер. Атмосфераның құрамы мен құрылысы. Атмосфераның маңызы және оны қорғау.

Жер климаты. Б.П. Алисов бойынша климаттық белдеулер. Негізгі сипаттамалары. Жер шарының климаттық аудандастырылуына негіз болған принциптер. Климаттық белдеулер. Негізгі және өтпелі климаттық белдеулер. Жер шарындағы кең таралған климат типтері.

Жер бетінде атмосфералық қысымның таралуы және желдердің басым бағыттары. Атмосфералық қысым, өлшеу бірліктері, жер бетінде вертикалды және

көлденен бағытта таралу заңдылықтары. Жоғары және төмен қысымды орталықтар. Ауа массаларының қозғалу себептері. Желдердің басым бағыттары және олардың маусымдық өзгерістері.

Адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде табиғаттың өзгеруі. Адамның шаруашылық әрекеті кері ықпалын тигізген аудандарды анықтау. Антропогендік және мәдени ландшафт.

Климаттың қазіргі ғаламдық мәселелері. Климаттың жаппай жылынуы, оған әсер ететін факторлар. «Жылыжай» (парник) эффектісі. Мұздықтардың еруі.

Дүниежүзілік Мұхит сулары, оның қасиеті. Негізгі ағыстары мен олардың маңызы. Мұхитты қорғау мәселелері. Дүниежүзілік мұхит – географиялық қабықтың біртұтас табиғат объектісі. Морфометриялық көрсеткіштері. Оның бөліктері. Мұхит суы тұздылығы. Су температурасы. Мұхиттағы су қозғалыстары. Толқындар. Ағыстар: жылы, суық. Пассаттық ағыстар, Батыс желдер ағысы. Мұхиттағы ағыстар циркуляциясы. Мұхитты қорғау мәселелері.

Жер шарындағы су айналымы, оның негізгі бөліктері мен маңызы. Үлкен және кіші су айналымдары. Айналым бөліктері. Беткі ағын, оның су айналымындағы маңызы.

Гидросфера, оның негізгі бөліктері. Гидросфераны қорғау проблемалар. Гидросфера. Гидросфера құрылысы, қасиеттері. Үлкен және кіші су айналымы. Дүниежүзілік мұхит суы, оның қасиеттері, табиғат ресурстары. Дүниежүзілік мұхит суларын қорғау проблемалары.

Су ресурстары. Жер бетіндегі тұщы су проблемасы. Тұщы су ресурсы. Оның таралу ерекшелігі. Тұщы судың ластануы және оны қорғау проблемалары.

Құрлық суы. Су ресурстары. Жер шарындағы тұщы су проблемасы. Жер шарындағы тұщы су проблемасы. Өзендер. Жер асты сулары. Өзендердің қоректенуі және су режимі. Көлдер. Батпақтар. Мұздықтар. Су ресурстары. Тұщы су проблемасы тән аймақтар.

Биосфера, оның Жер дамуындағы маңызы. Биосфера туралы түсінік. В.И.Вернадскийдің биосфера жайындағы ілімі. «Ноосфера» ұғымы. Биосфераның жалпы географиялық заңдылықтары.

Топырақ жамылғысы. В.В. Докучаевтың топырақ жайындағы ілімі. Топырақ түзуші факторлар. Топырақ анықтамасы, оның құрамы, құнарлылығы. Топырақ түзілуіндегі таужыныстарының, жер бедері, климат, су, микроорганизмдер, өсімдік, жануарлардың ролі. Топырақ құрылымы, профилі, механикалық құрамы. Топырақ типтері. Жер бетінде топырақ типтерінің таралуы.

Дүние жүзінің географиялық белдеулері мен зоналары. Зоналылықты анықтаушы факторлар. Зоналар арасындағы негізгі ландшафттық айырмашылықтар. Географиялық белдеулер ұғымы. Табиғат зоналары. Зоналылықты анықтаушы факторлар. Зоналарға қысқаша сипаттама.

Географиялық қабық. Құрамы мен құрылымы. Негізгі заңдылықтары. Географиялық қабық туралы түсінік. Құрамдас бөліктері мен компоненттері. Олардың арасындағы өзара байланыс. Географиялық қабық заңдылықтары: біртұтастық, зоналылық, ырғақтылық, энергия және зат алмасу.

Географиялық қабықтың жалпы даму заңдылықтары. Географиялық қабық туралы түсінік. Құрамдас бөліктері мен компоненттері. Олардың арасындағы өзара байланыс. Географиялық қабық заңдылықтары: біртұтастық, зоналылық, ырғақтылық, энергия және зат алмасу.

Қазіргі географияның ғылымдар жүйесіндегі орны. География және оның салалары. Географияның басқа ғылымдармен байланысы. Жаңа зерттеу әдістері.

Географиялық карталардың мазмұны мен ерекшеліктері, олардың ғылыми және қолданбалы мәні. Карталардың жіктелуі. Географиялық атластар.

Картографиялық проекциялар және олардың түрлері. Картографиялық проекция жасау жолдары. Азимуттық проекция және олардың түрлері. Конустық проекция және оның түрлері. Цилиндрлік проекция және оның жасалу жолдары. Поликонустық, псевдоазимуттық, псевдоконустық, псевдоцилиндрлік проекция түрлері.

Картаның математикалық негіздері.географиялық ендік және бойлық.Масштаб және оның түрлері. Сандық масштаб, атаулы масштаб, сызықтық масштаб, көлденең масштаб, ірі, орта, ұсақ масштаб түрлері. Географиялық координаталар туралы түсінік. Географиялық ендік және географиялық бойлық ұғымдары.

Ландшафттар туралы ілімі. Ландшафттардың марфологиясы жіктелуі.

География ғылымының негізгі даму кезеңдері. Антик дәуіріндегі сипаттаушы география. Орта ғасырлардағы саяхаттар. Карта жасау. Экспедициялық зерттеулер. Қазіргі заманғы география.

МАТЕРИКТЕР МЕН МҰХИТТАРДЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Шетелдік Еуропа физикалық-географиялық сипаттама.Географиялық орны. Табиғатының басты белгілері.Шетелдік Еуропаның негізін құрайтын ежелгі платформалар. Қатпарлы құрылымдар. Гипсометриялық және орографиялық басты белгілері мен көрсеткіштері. Сыртқы күш әсерінен қалыптасқан жер бедері пішіндер.Климаттық жағдайы. Атлант мұхиты жағалауы, қоңыржай және субтропиктік белдеулердегі климаттық ерекшеліктері. Белдеулер бойынша климаттың ішкі айырмашылықтары.Ішкі сулары. Алтант мұхиты алаптарының өзен жүйелері. Басты су айрықтар.Топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің қалыптасуы мен таралу ерекшелігі. Физикалық-географиялық аудандастырылуы. Ішкі табиғат айырмашылығы.

Шетелдік Азияға физикалық-географиялық сипаттама. Географиялық орны. Табиғатының басты белгілері.Шетелдік Азияның негізін құрайтын ежелгі платформалар. Қатпарлы құрылымдар; Гипсометриялық және орографиялық басты белгілері мен көрсеткіштері. Сыртқы күш әсерінен қалыптасқан жер бедері пішіндер.Климаттық жағдайы. Субтропиктік және субэкваторлық, экваторлық белдеулердегі климаттық ерекшеліктері. Белдеулер бойынша климаттың ішкі айырмашылықтары.Ішкі сулары. Тынық мұхиты, Атлант мұхиты алаптарының өзен жүйелері, басты су айрықтар.Топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің қалыптасуы мен таралу ерекшелігі. Субтропиктер, тропиктік-экваторлық белдеулер денгейіндегі зоналар жиынтығы.Физикалық-географиялық аудандастырылуы. Ішкі табиғат айырмашылығы.

Солтүстік Америкаға физикалық-географиялық сипаттама. Табиғатының басты белгілері. Материктің қалыптасуы мен табиғатының даму кезеңдері. Солтүстік Америка платформасы мн геосинклиналдық белдеулердің пайда болуы. Кордильердегі оротектоникалық белдеулер. Жамылғы және таулық мұз басу кезеңдері. Гипсометриялық және орографиялық көрсеткіштері.Солтүстік Американың климаттық жағдайы (Еуразиядан басты айырмашылығы). Ауа алмасуының меридиандық бағыты. Ауа температурасы, қысым мен басым желдер, жауын-шашынның жыл мезгілдеріне сәйкес таралу заңдылығы. Ураган, торнадо құбылыстары. Климаттық белдеулер.Солтүстік Американың ішкі сулары. Өзен торларының орналасуы. Алаптар.Солтүстік Американың Еуразиямен және Оңтүстік Америкамен құрлықтық байланысы, ол байланыстардың тіршілік дүниесі құрамына әсер. Материк ішіндегі зоналар жиынтығы. Реликт және эндемик өсімдіктер мен жануарлар.Физикалық-географиялық аудандастырылуы, ішкі табиғат айырмашылықтары.

Оңтүстік Американың физикалық-географиялық сипаттамасы. Табиғатының жалпы ерекшеліктері. Гондваналық Оңтүстік америка ежелгі платформасының дамуы. Анд қатпарлы белдеуінің дамуы. Материк жер бедерінің айқын екі бөлікке жазық-платформалық және батыстағы Анд қатпарлы белдеуіне бөлінуі, оларға сәйкес келетін жер бедері пішіндері.Климаттық аудандастыру. Биік таулық және Атлант мұхит жағалауындағы жазық жер климаты. Белдеулер ішіндегі климаттық айырмашылықтар.Гидрографиялық тордың таралу ерекшелігі. Амазонка өзен жүйесіне сипаттама. Қазіргі мұз басу аудандары.Топырақ-өсімдік жамылғысы мен жануарлар дүниесінің белдеулер бойынша таралуы. Экватрлық және тропиктік белдеулердегі мәңгі жасыл ылғалды ормандар (гилея). Саванналар мен тропиктік сирек ормандар. Солтүстік (льянос) және оңтүстік жарты шар (кампос) саванналары арасындағы айырмашылықтар.

Тропиктік және субтропиктік белдеулердегі шөлдер мен шөлейттер, жағалық шөлдер, пампа. Анд тауындағы биіктік белдеулік.

Африканың физикалық-географиялық сипаттамасы. Материк табиғатының жалпы ерекшеліктері. Гондваналық африка-Арабия ежелгі платформасының дамуы. Африка шегіндегі альпілік қатпарлы аймақ. Шығыс Африка грабендер жүйесінің түзілуі. Материктің жағалық пішіндегі өзгерістер. Жер бедерінің негізгі ерекшеліктері. Африка климатының өзіне тән ерекшеліктері. Экватордың екі жағындағы орны мен Еуразия материгімен көршілес орналасуының климаттық жағдайға тигізетін әсері. Африканың климаттық белдеулері. Экваторлық субэкваторлық, тропиктік және субтропиктік климаттық белдеулер. Агроклиматтық ресурстар. Ішкі сулардың материк бойынша таралуының әркелкілігі. Ағынның жауын-шашын мөлшері мен жер бедеріне тәуелділігі. Беткі ағын болмайтын аудандар, оның себебі. Уәдилер. Нл өзені. Шығыс африка көлдері. Африкадағы тіршілік дүниесінің өзіне тән басты белгілері. Голарктикалық, Палеотропиктік өсімдіктер дүниесі. Мадагаскар аралы мен Кап флорасының ерекшеліктері.

Солтүстік Мұзды Мұхитқа физикалық-географиялық сипаттама. Физикалық-географиялық орны, табиғатының басты ерекшелігі, мұхит түбінің жер бедері, климаты, ағыстары, органикалық дүниесі, табиғат ресурстары.

Аустралияға физикалық-географиялық сипаттама. Аустралия – Жер шарындағы ең кіші материк. Табиғатының басты белгілері. Матриктің қалыптасуы мен табиғатының даму кезеңдері. Табиғат ресурстары. Климаттық жағдайы мен ішкі климаттық айырмашылықтары. Климаттық белдеулері мен климат типтері. Органикалық дүниесінің құрамы. Эндемик жануарлар.

Мұхиттық аралдар, физикалық-географиялық сипаттамасы. «Мұхит аралдары» ұғымы. Тынық мұхитының орталық және батыс бөлігіндегі географиялық орны. Тынық мұхит табаны құрылымы мен байланысы. Аралдардың генетикалық типтері. Климаттық және табиғат жағдайларындағы орталық пен ерекшеліктері. Аралдардың пайдалы және мәдени өсімдіктері. Мұхит аралдарының физикалық-географиялық аудандастырылуы. Полинезия, Микронезия, Меланезия және Жаңа Зеландия.

Антарктида және Антарктика. Физикалық-географиялық сипаттама. Антарктика және Антарктида ұғымдары. Табиғатының басты ерекшеліктері. Тасты және Мұзды Антарктида. Антарктиданың қазіргі зерттелуі. Халықаралық геофизикалық жыл денгейіндегі зерттеулер. Климаты мен органикалық дүниесі.

ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

ТМД аумағының геологиялық және тектоникалық құрылымы. Кембрийге дейінгі қалыптасқан ежелгі платформалар. Палеозой қатпарлықтары. Эпигерциндік платформалар. Мезозой қатпарлығы. Кайнозой қатпарлықтары. ТМД аумағында антропоген дәуірінде болған негізгі оқиғалар.

Орта Сібірдің физикалық-географиялық сипаттамасы. Географиялық орны. Географиялық құрылысы. Сібір платформасы. Жер бедері. Климаты. Ішкі сулары. Тондану. Табиғат зоналары. Табиғат ресурстары.

Дүние жүзінің және ТМД елдерінің салыстырмалы түрде отын-энергетика кешеніне сипаттамасы. Отын-энергетика кешені туралы түсінік. Дүние жүзінің және ТМД елдерінің отын-энергетика кешенінің жағдайы. Отын және энергетика ресурстарының түрлері. ТМД және дүние жүзі бойынша көмірдің, газдың, мұнайдың, уранның сақталған қоры. Аудандарда өндірілетін отын-энергетика кешеніне экономикалық-географиялық баға беру. Электр жүйелері, электр станцияларының түрлері, электр энергетикасын орналастыру географиясы, ТМД энергетикалық жүйелер мен басты мәселелері.

Халықаралық экономикалық байланыстар: халықаралық туризм және капиталды тасымалдау, сыртқы сауда, кредит беру мен қызмет көрсету. Халықаралық экономикалық байланыстың түрлері. Дамушы және дамыған елдер арасындағы сыртқы экономикалық байланыс. Халықаралық туризмнің дүние жүзілік шаруашылықтағы сауда

экономикалық байланыс ретінде. Сауда, сауда түрлері және халықаралық жүк тасымалдау. Дамыған елдер, ТМД, Батыс Еуропадан т.б. елдерден шыққан негізгі капитал ағымын орналастыру. Халықаралық ұйымдар және кредит беретін мемлекеттер.

Экономиканың дамуындағы көліктің маңызы мен ерекшелігі. Көлік түрі. Олардың қазіргі замандағы даму ерекшеліктері мен даму қарқыны. Сыртқы көлік магистралдары. Шаруашылық қалыптасуы мен дамуындағы көлік магистралдарының ерекшеліктері. Көлік түрлері мен орналасу ерекшеліктері. Қазіргі көлік жолдары. Жетекші жолдары мен магистралдары. Құбыр, автомобиль және темір жолдарының жобалары. Бір жүйелі көлік-коммуникациялық кешенін жасау.

ТМД негізгі шаруашылық құрылымы. ТМД негізгі шаруашылықтың даму салалары мен оның дамудағы қиындықтары. Өндірістік және ауыл шаруашылығы салалары және даму деңгейі. Нарықтық жағдайдағы шаруашылықтың жаңа салалар, шаруашылық салаларының құрылымдық өзгерістері. Өндіріс күштерінің заңдылықтары, принциптері мен факторлары. Шаруашылықтың комплексті-салалы секторлары. Өндіруші және өңдеуші өнеркәсіп салалары.

ТМД елдерінің саяси, экономикалық, саяси байланыстарының даму мәселелері мен болашағы. ТМД экономикалық-әлеуметтік мәселелер. Жаңа сыртқы экономикалық байланыстарының саяси аспектілері мен нарықтық шаруашылықтағы байланыстар, ортақ жасалынып жатқан жұмыстар. Халықаралық ұйымдар мен ТМД елдері арасындағы маңызы.

ТМД елдерінің металлургиялық кешені: металлургияның салалық құрылымы және оның дамуы. Металлургиялық базалар. Металлургиялық комплекс кешені. Түсті және қара металлургия салалары және даму деңгейі мен шығу тарихы. Негізгі металлургиялық базалар. Кен түрлері мен сақталған қорлары. Өндіріс орындары мен негізгі өндіру орталықтары.

ТМД елдеріндегі негізгі географиялық даму ерекшеліктері мен өндіріс орындарының орналасу ерекшеліктері. Өндіріс орындарын орналастыру және даму факторлары. Ауыл шаруашылығы мен өндірістік орындар арасындағы халықаралық байланыс. Өндіріс салаларындағы мәселелер.

ТМД елдері халықтар географиясы. Халықтар географиясына жалпы сипаттама (саны, шынайы өсу, құрылымы, құрамы). Өсу мен орналасуға әсер етуші факторлар және халық саны, тығыздығы. ТМД қалалары мен ерекшеліктері. Халықтың сыртқы және ішкі миграциясы. ТМД демографиялық мәселелері. Халықтың саны, өсуі, жыныс-жастық құрамы. Аумақ бойынша халықтар орналасуының ерекшеліктері.

ТМД елдерінің даму болашағы. Экономикалық, саяси және басқа байланыстарының даму проблемалары мен болашағы. Шикізат базалары, орналасу факторлары, ірі орталықтары.

ТМД елдері өнеркәсібі дамуы. Өнеркәсіптің дамуы мен орналасуының басты географиялық ерекшеліктері. Өнеркәсіп орналасуына әсер ететін факторлар. Өнеркәсіп орналасуының аумақтық ілгерлеушіліктері.

ДҮНИЕ ЖҮЗІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ГЕОГРАФИЯСЫ

Дүние жүзінің саяси картасы. Әлемнің саяси картасының қалыптасуы және мемлекеттердің қазіргі типологиясы. Саяси картаның қалыптасу кезеңдері: ежелгі, орта ғасырлық, жаңа жеке қазіргі заманғы. Дүние жүзінің қазіргі саяси картасына қысқаша тарихи-географиялық шолу. Қазіргі саяси картадағы түйінді мәселелер. Дүние жүзі елдерін типке бөлу: дамыған, өтпелі экономикалы және дмушы елдер. Қазіргі саяси картадағы тәуелді елдер мен жер аумақтары. Дүние жүзі елдерінің жіктеліп топтастырылуы.

Халықтар географиясы. Халықтың нәсілдік, этностық және діни құрамы. Дүние жүзінде халықтың орналасуы. Халық тығыздығы, қоныстану ерекшеліктері. Урбандалу.

Азаматтың ғаламдық проблемалары: экологиялық және отын-энергетикалық проблемалар. Қоршаған ортаны қорғау және биосфераның тазалығын сақтау. Биосфераның құрауыштары: атмосфера, гидросфера, педосфераның ластануы және оларды қорғау шаралары. Табиғатты ұтымсыз пайдалану және антропогендік іс-әрекеттер. Техногендік апаттар және экологиялық жүйенің нашарлауы. Отын энергетикалық проблема мәселе. Көмірсутекті шикізат қорларының шектеулігі. Атом энергиясын және сарқылмайтын дәстүрлі емес энергия көздерін пайдалану. Энергияны үнемдеуші технология және оның тиімді жаңа түрлерін іздестіру.

Халықаралық еңбек бөлінісі: халықаралық мамандығын өндірістерді орналастырудағы ҒТР-дың ықпалы. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Ғылыми – техникалық революция (ҒТР) ұғымы, оның айқындаушы белгілері. Техника мен технология дамуының жолдары. Өндіргіш күштерді орналастыру факторлары. Қоғамдық өндіріс жүйесіндегі адамның рөлі. Қазіргі ҒТР-дің халықаралық мамандануға және жұмыс күшіне әсерлері. Ақпараттық мәдениет және ғылыми техникалық байланыстар. ҒТР-дың шаруашылықтың салалық құрылымның өзгерісіне және өндірісті орналастырудағы аумақтық құрылым өзгерістеріне ықпалы. Қазақстанның халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жүйесіндегі орны.

Халықаралық ұйымдар. Үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар. Бүкіләлемдік және аймақтық ұйымдар. Біріккен Ұлттар ұйымы және олардың халықаралық мекемелері. Еуроодақ және оның маманданған ұйымдары. Саяси- әскери ұйым (НАТО) және экономикалық-салалық ұйым (ОПЕК), сол сияқты аймақтық ұйымдарға (АСЕАН, Араб лигасы), т.б. сипаттама. ТМД, Шанхай бірлестігі ұйымы, Еуразиялық экономикалық ынтымақтастық, Еуразиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ОБСЕ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (СВМДА).

Адамзаттың ғаламдық проблемалары: шикізат, дүниежүзілік мұхит байлығын және ғарышты игеру. Дүниежүзілік азық-түлік проблемасы. Ғаламдық азық-түлік бағдарламасы. Тамақ құрамының сапасы және энергетикалық қоректілігі. Шикізаттық проблема, минералдық ресурстардың шектеулігі және сарқылу мүмкіндігі. Шикізат қорын үнемдеу, оларды басқа түрлерімен алмастыру және үнемдеуші технологияларды жетілдіру мәселелері. Мұхитты пайдалану және адамзаттың оны игеру проблемалары: минералдық – ресурстық, биоресурстық, энергетикалық, көліктік, рекреациялық, экологиялық, ғылыми-танымдық бағыттары.

Дүниежүзілік шаруашылықтың аграрлық секторының орны мен маңызы, дүние жүзінің өсімдік және шаруашылығы, салалық құрамы, аграрлық қарым-қатынастар. Дүниежүзілік шаруашылық жүйесі. Қазіргі дүниежүзілік шаруашылықтың құрлымы, олардың аумақтың айырмашылықтары. Ауыл шаруашылығы-материалдық өндірістің негізгі саласы. Егін шаруашылығы: астық, бұршақ, көкөніс, бау-бақша, жеміс-жидек, майлы, цитрус, техникалық, т.б. дақылдар. Мүйіздігі ірі қара, жылқы, түйе, қой-ешкі, шошқа, балық, құс, марал, т.б. шаруашылықтар. Агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылық салаларының жеңіл және тамақ өнеркәсіптерімен тығыз байланыстылығы.

«Үлкен жетілік» экономикалық блогының дүниежүзілік шаруашылықтағы рөлі мен маңызы. «Үлкен Жетілік» құрамы, жалпы сипаттамасы. Дүниежүзілік шаруашылықтағы орны: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік қызмет көрсету саласындағы алатын үлесі. Ұлттаралық бірлестіктер арқылы «Үлкен Жетілік» елдерінің әлемдік экономикаға ықпал етуі.

Жаңа индустриялы елдер. Дүниежүзілік шаруашылықтағы маңызы. Азия, Латын Америкасындағы жаңа индустриялы елдер, олардың экономикалық-әлеуметтік дамудағы ерекшеліктері. Осы елдердің дүние жүзілік шаруашылықтағы орны мен ерекшеліктері. Бразилия, Мексика, Оңтүстік Корея елдерінің шаруашылық салаларының құрылымы мен ұқсастықтары, ерекшеліктері.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қазақстан территориясының антик дәуіріндегі зерттелуі. Птоломей, Страбон, Геродот еңбектеріндегі Қазақстан аумағы туралы мәліметтер. Ежелгі карталарда казак жерінің бейнеленуі.

Қазақстан географиялық орны және оның табиғатына аумақтық ерекшеліктеріне әсері.

Қазақстанның геологиялық құрылысы. Негізгі тектоникалық құрылымы: кембрийге дейінгі және эпигерциндік платформалар, палеозойлық (каледондық және герциндік) қатпарлы облыстар.

Қазақстан аумағындағы кездесетін морфо-мүсіндер.

Қазақстанның жер бедері және олардың типтері. Қазіргі рельефінің қалыптасуына неотектоникалық процестің әсері.

Палеозойдағы Қазақстан аумағының дамуы. Тау жасалу қозғалыстары мен қатпарлықтар. Жер бедеріндегі өзгерістер. Теңіз трансгрессиялары. Палеозойлық құрылымдар.

Қазақстанның қазіргі жер бедері. Қазақстанның қазіргі жер бедерінің қалыптасу жолдарына қарай топтастырылуы (тектоникалық-денудациялық, денудациялық, аккумуляциялық және аккумуляциялық-денудациялық).

Қазақстан аумағын геоморфологиялық аудандастыру. Л.С. Берг, М.М. Өтемағанбетов, З.А. Сваричевская.

Қазақстан жеріндегі атмосфералық жауын-шашынның таралуы. Жауын-шашынның таралуы және оның жылдық мөлшері. Оның жыл мезгілдері бойынша өзгеруі. Жауын-шашынның табиғатқа әсері.

Қазақстан территориясындағы ауа қысымының таралуы және желдердің басым бағыттары. Ебі, Сайқан, Арыстанды-Қарабас, Шілік, Мұғалжар желдері. Желдердің шаруашылықтағы маңызы. География ғылымы жүйесіндегі «Қазақстан физикалық географиясының» орны мен ролі.

Қазақстан климаты. Қазақстан климатына жалпы сипаттама және климаттық аудандастырылуы.

Қазақстан аумағын климаттық аудандастыру. В.П. Алисов, Е.П. Кузнецов, М.М. Өтемағанбетов схемаларындағы аудандастыру принциптері.

Қазақстан өзен торы. Ағынның мұхитқа құятын және тұйық бассейндері. Өзендердің қоректенуіне және молдылығына қарай типке бөлінуі. Өзендердің шаруашылық маңызы.

Каспий, Арал, Балқаш көлдеріне физгеографиялық сипаттама. Географиялық орны. Жағалау сызығы. Пайда болу жағдайлары. Аралдары. Климаты. Суының қасиеттері. Органикалық дүниесі. Экологиялық жағдайы.

Қазақстан тауларындағы қазіргі мұз басулар. Таралу ерекшеліктері. Қар сызығының биіктігі. Мұздықтардың өзендердің қоректенуіндегі ролі.

Қазақстанның табиғат зоналары. Олардың қазіргі жағдайына кешенді сипаттама. Табиғат зоналарының таралу заңдылығы.

Қазақстанның жерасты сулары. Минералды және термальды сулар. Жерасты суларының шаруашылық маңызы.

Қазақстан аумағындағы температураның таралу заңдылығы (орташа жылдық, қаңтар және шілде температуралары). География ғылымы дамуының негізгі кезеңдері.

Қазақстанның көлдері, олардың таралу ерекшеліктері. Көл-қазан шұңқырларының типтері. Ащы және тұщы көлдер. Көлдердің шаруашылықтағы маңызы.

Қазақстанның топырақ жамылғысы. Оның таралу заңдылықтары. Азоналдық және интронизоналық топырақтар.

Қазақстан аумағындағы қорғалатын аумақтар. Қазақстан мемлекеттік тұрғыдан қорғауға алынған аймақтары. Ұлттық саябақтар, табиғи қорықтары, қорықшалар, табиғат ескерткіштері.

Топонимика-географиялық атаулар туралы ғылым. Халықтық географиялық терминдер негізінде жасалған атаулар. Қазақстандағы географиялық атаулардың негізгі топтары (оронимдер, ойконимдер, гидронимдер, зоонимдер, фитонимдер). Топонимдердің тілдік құрылымы. Ландшафттық терминдер негізінде жасалған атаулар.

Қазақстанды физикалық-географиялық аудандастыру. Қазақстанды физикалық-географиялық аудандастырудың таксономиялық бөліктер жүйесі. Қазақстан тауларының биіктік табиғи белдеулері (Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Жетісу жотасы, Тянь-Шань).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГЕОГРАФИЯСЫ

Табиғат жағдайлары мен табиғат ресурстары туралы түсінік. Оларғы экономикалық-географиялық баға беру. Табиғат ресурстарының топтастырылуы. (Қазақстан мысалында).

Қазақстан Республикасы халқы. Қазақстан Республикасы халқының орналасуындағы негізгі ерекшеліктері: халқының саны, тығыздығы, этностық құрамы, еңбек ресурстары, елді мекендер типтері.

Қазақстанның электр энергетикасы. Энергия көздері, орналасу факторлары, энергожүйелер, ірі электр станциялары.

Қазақстанның тамақ өнеркәсібі. Салалық құрамы, шикізат базасы, орналасу факторлары, басты орталықтары.

Қазақстанның химия өнеркәсібі. Маңызы, салалық құрамы, шикізат базасы, орналасу принциптері, басты орталықтары.

Қазақстанның агро-өнеркәсіптік кешені. Салалық құрамы мен шикізат базасы. Ауыл шаруашылық салаларының ТМД елдері экономикалық кеңістігіндегі алатын орны.

Қазақстанды экономикалық-географиялық аудандастыру. Қазіргі құрамы. Қалыптасу принциптері. Әрбір ауданда қалыптасатын шаруашылықтың топтары, олардың мамандану жағдайлары.

Қазақстанның өсімдік шаруашылығы. Салалық құрамы, маңызы, ауыл шаруашылығына жарамды жердің құрылымы, дақылдардың басты таралған аудандары.

Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібіне сипаттама. Салалық құрамы, Қазақстан табиғатын географиялық тұрғыдан зерттеу кезеңдері.

Қазақстанның қара металлургиясы. Шикізат базасы, орналасу принциптері, комбинаттың түрлері, ірі орталықтары.

Қазақстанның түсті металлургиясы: салалық құрамы, минералды шикізат базасы, орналасу факторлары, негізгі орталықтары. Қазақстан мен ТМД экономикалық кеңістігіндегі оның алатын орны мен маңызы.

Қазақстанның машина жасау кешені: маңызы, салалық құрамы, қазіргі даму жағдайы, ірі кәсіпорындар.

Қазақстан өнеркәсібіне сипаттама: маңызы, салалық құрамы, оның қазіргі жетекші салаларының даму жағдайы. Қазақстан өнеркәсіп салаларындағы шетелдік фирма және компаниялар.

Қазақстанның мал шаруашылығы, қазіргі даму жағдайы. Мал түрлерінің негізгі таралған аудандары, оған әсер ететін факторлар. Тұран Жазығы мен Солтүстік Қазақ жазығына салыстырмалы түрде физикалық-географиялық сипаттама.

Қазақстанның көлік кешені: дамуының алғы шарттары, көлік түрлері, оларға тән ерекшеліктері. Негізгі магистралдары.

Оңтүстік Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама табиғат жағдайы мен ресурстарына баға беру. Шаруашылықтың маманданған салаларына сипаттама.

Батыс Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама табиғат жағдайы мен ресурстарына баға беру. Экологиялық проблемеаларының шешілуі. Маманданған шаруашылық салаларына сипаттама. География ғылыми жүйесіндегі «Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясының» орны мен ролі.

Шығыс Қазақстанға экономикалық-географиялық сипаттама. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстары, шаруашылығының маманданған салалары.

Орталық Қазақстан ауданына экономикалық-географиялық сипаттама. Табиғат жағдайы мен табиғат ресурстарына баға беру, шаруашылығының маманданған салаларына сипаттама.

Қазақстанның рекреациялық ресурстары. Рекреациялық шаруашылықты қалыптастырудағы ролі.

Солтүстік Қазақстанның экономикалық-географиялық сипаттама: табиғат жағдайы мен табиғат ресурстарына баға беру, шаруашылығының маманданған салаларына сипаттама.

Жасанды көлдер. Олардың салыну себебі. Шаруашылық маңызы. Бөгендер.

Қазақстан Республикасының экономикалық-географиялық жағдайы және тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзгерістері.

ГЕОГРАФИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Географияны оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың бірі. Оның оқып-үйрену пәні және зерттейтін басты проблемалары. Географияны оқыту әдістемесінің басқа ғылымдармен: география, дидактика, психологиямен байланысы. Географияны оқыту әдістемесінің практикамен байланысы.

Әдістеме ғылымының зерттеу әдістері. Зерттеудің теориялық әдістері: жүйелі-құрылымдық талдау, типологиялық тәсіл, тарихи, салыстыру, математикалық әдіс. Эмпиристік әдістер: мектеп практикасын оқып үйрену, алдыңғы қатарлы әдістерды кеңейту және тарату; педагогикалық эксперимент. Әдістемелік зерттеуді құру логикасы.

Әдістеме ғылымының қазіргі кезеңдегі даму ерекшелігі: зерттеудің ғылыми-теориялық деңгейінің өсуі; эксперименттің ұдайы кең түрде пайдаланылуы; оқушының оқуына көңіл аудару; бірнеше ғылыми ұжымдардың біріккен күшімен ірі кешенді тақырыптарды жоспарлау және жүзеге асыру. Оқытушылардың географияны оқыту әдістемесі бойынша зерттеу жұмыстарына қатынасуы.

Географияны оқыту мақсаты. орта мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны

«Оқыту мақсаты» ұғымы. Географияны оқытудың білімдік, тәрбиелік және дамытушы мақсаты. Географияның оқушыларға экономикалық, экологиялық, кәсіптік бағдар және политехникалық білім берудегі ролі.

«Географиялық білім мазмұны» ұғымы. Оқу пәні -ғылымның ерекше «педагогикалық проекциясы». Мектеп географиясының мазмұны-ұжымдық ғылыми іздену нәтижесі. Мектеп географиясы құрылымы. Бағдарламаның бір бағытты-сатылы құрылуы. Курстардың бір ізділігі, олардың мазмұндағы аса маңызды ерекшелік.

Бағдарлама мен оқулықтарды географияны оқытудағы өлкетану, политехникалық, экологиялық және экономикалық принциптердің орындалуы.

Мектеп географиясы курсының мазмұнына логикалық талдау. Мазмұнының негізгі компоненттері. Білім, оның теориялық және эмпирикалық болып бөлінуі; географияның барлық курстарында теориялық білімдер ролінің күшейтілуі. Іскерлік. Мектеп географиясы мазмұнындағы іскерлік өсу дәрежесінің себептері.

Дүниетану идеясы. Білім мазмұнындағы шығармашылық әрекеттің іс-тәжірибесі. Мектеп географиясы мазмұнындағы курс аралық және пән аралық байланыстар.

Орта мектепке арналған бағдарлама-мектеп географиясы мазмұнын анықтайтын негізгі құжат. Бағдарламаның әдістемелік жабдықталуы.

Географияны оқыту әдістері. географияны оқытудың жаңа технологиялары

Географияны оқыту әдістемесінде қабылданған оқыту әдістері классификациясы: білім алу көздеріне және оқушылардың таным іс әрекетіне қарай (И.Я.Лернер мен

М.Н.Скаткин дидактикалық негізінде). Оқушыларды өз бетінше білім алуға, оқуға үйрету, өсіп келе жатқан жас ұрпақтардың өзбетінше таным әрекетін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Оқушылардың таным әрекеттері сипатына қарай ажыратылатын географияны оқыту әдістері: түсіндіру – иллюстрациялық, репродукциялық, проблемалық баяндау, ішінара іздену және зерттеу. Әрбір әдістің міндеті, оқытушы мен оқушылардың іс-әрекеттері, география оқыту процесінде қолдану мүмкіндігі, мысалдар.

Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуі үшін берілетін типтік және проблемалық (немесе творчестволық) тапсырмалар, олардың оқыту әдістерімен байланысы. Жекелеген оқыту құралдарымен (карта, цифрлық материалдар, картиналар, экран құралдарымен т. б) жұмыс істеу.

Географияны оқыту процесінде оқушылардың білім және өзбетінше таным іскерлігін игеру дәрежесі. Оларды сабаққа даярлану және өткізу процесінде пайдалануы.

Оқушыларды проблеманы шешу жолымен үйрету – проблемалы оқытудың басты белгісі. Проблемалы оқытудың негізгі ұғымдары: проблемалық ситуация, проблема, гипотеза. Географияны проблемалы оқытудың әр түрлі жолдары: оқушыларға жекеленген проблемалар қою және тақырыпты оқып-үйренуге түгелдей проблемалық тәсіл жасау.

Географиядан оқу процесінде проблемаларды енгізу әдістері. Оқушыларды проблемаларды шешуге үйрету, гипотезаны тұжырымдау және тексеру.

Мектеп практикасындағы оқыту әдістері. Ішінара іздену және зерттеу әдістерін қолдану; проблемалы оқыту – география оқытушысының озат көрсеткіші.

Географияны оқытудағы қолданылатын жаңа технологиялар. Географияны оқытудағы блоктық- модульдік технология. Мектеп география курстарының мазмұнының дамыта оқыту принциптері, олардың ерекшеліктері. Сарлап денгейлеп оқыту, денгейлік тапсырмалар құруға қойылатын негізгі талаптар.

Географияны оқыту процесінде оқушыларда білім мен іскерлік қалыптастыру

Теориялық білімдер қалыптастыру. Географиялық ұғымдарды игеру ерекшеліктері. Жалпы географиялық ұғымдар қалыптастырудың индукциялық және дедукциялық жолдары, лайықты жолдарды таңдау жағдайлары. Жеке ұғымдарды оқып-үйрену ерекшеліктері. Географиялық ұғымдарды қалыптастыру әдістері, оқушылардың таным белсенділігін ұйымдастыру және мазмұны.

Оқу материалы мазмұны мен оқыту жағдайларына байланысты себеп-салдар байланыстарын оқып-үйрену әдістері. Себеп – салдар байланыстарын игеру ерекшеліктері мен көрсеткіштері. Себеп-салдар байланыстарын анықтауда оқытудың негізгі кезеңдері.

Географиялық заңдылықтар туралы білім қалыптастыру; бұл процестің негізгі кезеңдерінің сипаты және оқушылардың білімді игеруіндегі ерекшеліктер. Географиялық заңдылықтарды ашу әдістері.

Эмпирикалық білім қалыптастырудағы өзгешеліктер. Жалпы және жеке географиялық түсініктер, оларды қалыптастыру әдістері. Географиялық түсініктер мен ұғымдардың байланысы. Мектепті қоршаған ортада байқауларды және көрнекілік оқыту құралдарын пайдалану.

Оқытушы мен оқушылардың педагогикалық роліне байланысты географиялық фактілермен жүргізетін жұмыстарының мазмұны.

Іскерлік пен дағды қалыптастыру. Бұл процестің географиялық білімді игерумен байланысы. Іскерлік пен дағды қалыптастыру әдістері; картаның ролі; физикалық және экономикалық географиялық объектілерге сипаттама берудің қалыптасқан жоспарларымен жұмыс. Іскерлікке үйретудің жалпы кезеңдері; оларды игеру көрсеткіштері. Бағдарламадағы сарамаңдық жұмыстарды орындау-оқыту процесінде іскерлік қалыптастырудың кепілі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру және географияны оқыту принциптерін жүзеге асыру арасындағы байланыс: өлке тану, политехникалық, экологиялық және

экономикалық. Оқушыларда білім мен іскерлік қалыптастырудағы география оқытушыларының озат іс-тәжірибелері.

Географияны оқыту құралдары. География кабинеті

Мектеп географиясындағы оқыту құралдарының міндеті. Оқыту құралдарын жасау процесінде еске алынатын негізгі факторлар. Географиялық объектілер мен құбылыстарды бейнелеу тәсілі жағынан оқыту құралдарын классификациялау. Оқыту құралдары негізгі топтарының міндеті мен пайдалану мақсаты жағынан сипаты.

Географияны оқытудың материалдық базасы. География кабинеті және оның оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы маңызы. География кабинетінің негізгі элементтері, олардың сипаты. Оқытушы мен оқушылардың жұмыс орындарын жабдықтауға қойылатын талаптар. Оқытушы столы мен сынып тақтасының ерекшеліктері. Карта, сызба-нұсқа және қабырға картиналарын сақтауды ұйымдастыру. Техникалық оқыту құралдары комплектісі, оларды орналастыру.

География оқытушысының география кабинетіндегі шаруашылық ұйымдастыру жұмысы және оның компоненттері. Кабинетті әр түрлі оқыту құралдарымен толықтыру жоспарын жасау. Кабинет құрудың негізгі кезеңдері.

География кабинетін оқу және сыныптан тыс жұмыстар жүргізуде пайдалану. География кабинетін жабдықтаудағы география үйірмесінің ролі.

Географияны оқытудың негізгі құралдарымен жұмыс

Географиялық карталардың оқудағы міндеті географиялық білімнің аса маңызды көзі. Картаны, олардың оқу процесіндегі ролі бойынша классификациялау: қабырға, столға жайылатын, мәтінде берілген және оқулыққа қосымша берілген, электронды карталар; олардың мазмұны мен пайдалану ерекшеліктері. Географиялық карталарды оқып үйрену мақсаты және олармен мектеп географиясы курстарында жүргізілген жұмыстар. «Картаны түсіну», «оқу» және «білу» ұғымдарының мазмұны.

Картаның мазмұны және картаны түсінуді оқытудағы негізгі әдістері. Картографиялық ұғымдар жүйесі. Картаны оқуға үйрету әдістері. Басты картографиялық іскерліктер және олардың физикалық және экономикалық география курстары бойынша айырмашылығы. Картаны білуді қамтамасыз ететін оқыту әдістері. Географиядағы ішінара іздену және зерттеу әдістері мен проблемалы оқыту құрамында картамен жүргізілетін жұмыстар.

География оқулықтары, олардың атқаратын қызметі. Оқулықтардың ғылыми мазмұны мен әдістемелік аппараттың сипаты. Мәтіннің құрылымдық компоненттері. Оқулықтың мәтін және мәтіннен тыс компоненттерімен жүргізілетін негізгі әдістері. Физикалық, экономикалық географиялардың мазмұнын және оқушылардың жас ерекшелігін ескеріп оқытудың әр сатысында мәтінмен жұмыс істеу әдістерінің өзгеруі. Оқушылардың оқулықты пайдалануында творчестволық сипаттың күшеюі. Оқулықпен жүргізілетін жұмыстарға қойылатын жалпы әдістемелік талаптар.

Қабырға картиналары мен экрандық құралдардың негізгі міндеттері. Қабырға картиналары, оқу кинофильмдер, диафильмдер, диопозитивтер және транспаранттарымен жүргізілетін жұмыстардың ерекшеліктері. Оқытушының оларды пайдалануға даярлығы. Географияны оқытудың әр түрлі әдістемесін пайдалану кезінде қабырға картиналары және экрандық құралдармен істелетін жұмыстар.

Физикалық және экономикалық география курстарындағы статистикалық көрсеткіштердің маңызы және олармен оқыту процесінде жүргізілетін жұмыстар. Берілу тәсіліне байланысты мектеп географиясында статистикалық мәліметтердің негізгі топтары. Жеке (топтастырылмаған) көрсеткіштермен жұмыс жүргізу әдістері. Графиктер, диаграммалар және статистикалық таблицалардың танымдық мүмкіндіктері, оларды оқу әдістері. Цифрлық материалдардың ерекшеліктерін ескеріп графиктер, диаграммалар және статистикалық таблицаларды оқытудың мазмұны және жүйелілігі. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсына экономикалық есептер және олардың мақсаты. Экономикалық есептер құруға қажетті цифр материалдарды алу көздері.

Географияны оқыту құралдарын пайдалану жөніндегі оқытушылардың озат іс-тәжірибелері.

География сабағы

Сабақ-географияны оқытудың негізгі формасы. Оқу жұмыстарын жоспарлау. Жоспарлау түрлері. Оқушылардың өз беттерінше жұмыс істеуі мен творчестволық белсенділігін дамытуда тақырыптық жоспарлаудың ролі; тақырыптық және күнделікті сабақ жоспарларының өзара байланысы, күнделікті сабақ жоспарында оқытушы мен оқушылар арасындағы байланыстың бейнеленуі. Оқытушының сабаққа даярлануы. Сабақтың мақсаты мен мазмұнын анықтау; оқыту әдістері мен құралдарын таңдап алу. География сабағында оқыту процесін оптимизациялаудың негізгі жолдары.

География сабағының сипаты. Оқушылардың білімі мен іскерлігін тексеру, оның бақылаушылық және білім беру қызметі. Тексерудің мазмұны. Оқушылардың өз беттерінше таным әрекеті деңгейлеріне байланысты тексеру сұрақтары мен тапсырмалардың әр түрлі дәрежеде болуы. Білім мен іскерлікті тексеруді ұйымдастыру формалары (жекелей, жалпылай, тығыздалған сұрақтар). Тексеру формаларын таңдаудың мазмұнға, жас ерекшелікке және оқушылардың білімі мен іскерлігі қалыптасуына байланыстылығы. Ауызша, жазбаша және графикалық тексерулерді пайдалану. Тапсырмалардың түрлері: толық жауап беруді талап ететін сұрақтар мен тапсырмалар, құрылымдық, сауалнамалар. Білім мен іскерлікті тексеру процесінде оқушылардың белсенділігін арттыру әдістері (рецензиялау, түсінік беру т.б.).

Жаңа материалды оқып - үйрену. Мектеп географиясы мазмұнының теориялық дәрежесі артуы мен байланысты жаңа материалды оқып-үйренуге қойылатын талаптар. Оқушылардың жаңа білімдерді қабылдауға даярлығы (жаңа оқу материалын бұрын өтілгендермен байланыстыра білу, проблемалық ситуациялар жасау, географиялық білім мен іскерліктің практикалық маңызын ашу т.б.). Оқып-үйренетін материалды мағанасына қарай бөлшектерге бөлу, олардың әрқайсысынан танымдық тапсырмалар түзу. Білім мен іскерлікті қалыптастырудың әртүрлі кезеңінде оқушылардың белсенділігін арттыру әдістері: қабылдау, мәнін түсіну, ойда сақтау, талдап қорыту және жүйеге келтіру, практикада қолдану. Жаңа материалды оқып-үйренуде проблема қою.

Білім мен іскерлікті бекіту. Білімді “үлгі бойынша” және творчестволық қолдануды талап ететін сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалану.

Үйге тапсырма беру; оның маңызы. Тапсырмаларды білім көздеріне қарай классификациалау. Оқушыларға дифференциалды бағалай отырып жеке оқушыларға және топтарға берілетін үй тапсырмалары.

Географиядағы негізгі сабақ түрлерінің сипаттамасы: аралас, жаңа материалды оқып-үйрену, қортындылап-қайталау; өз беттерімен жүргізетін және сарамандық жұмыстар. Оқытудың лекция-семинар формалары, оларды Қазақстан және дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясы курстарында пайдалану мүмкіндіктері.

География оқытушыларының сабақты жетілдірудегі іс-тәжірибесі, оны оқып-үйрену және көпшілікке тарату жолдары.

Географиядан сыныптан тыс жұмыстар. географиядан оқу топ серуендері.

Сыныптан тыс жұмыстар-географияның оқу-тәрбие жұмыстарына қажетті құрамды бөлігі. Сыныптан тыс жұмыстардың білімдік-тәрбиелік мақсаты: саяси-идеялық тәрбие, оқушылардың танымдық іскерлігін және географиядағы қызығушылығын дамыту, еңбек тәрбиесі, кәсіптік бағдар беру, экологиялық тәрбие. Оқушылардың қоғамдық пайдалы істері ролінің артуы. Сыныптан тыс туристік өлке тану жұмыстарының ерекше ролі.

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі формаларының сипаты (географиялық үйірме, сыныптан тыс оқу, конференция, сауық кештер, топ серуен -туристік жұмыстар, ”география апталығы”, олимпиада т.б.); мазмұны, жоспарлау және әртүрлі сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу әдістемесі. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктері.

Сыныптан тыс жұмыстар жайындағы география оқытушыларының озат іс-тәжірибесі, оны үйрену және көпшілікке тарату жолдары.

Топ серуен - мектепте географияны оқыту формаларының бірі, оқытудағы өлке тану принципін жүзеге асырудағы, оқушылардың география ғылымы зерттеу әдістерімен таныстырудағы, оларды тәрбиелеудегі және таным әрекеттерін дамытудағы маңызы. Топ серуеннің оқушыларды еңбекке баулудағы ролі. Мектеп бағдарламасындағы топ серуендер жүйесі, оның географияны оқыту мазмұнымен байланысы. Физикалық география топ серуендері; олардың мақсаты, мазмұны және YI, YII, YIII сынып оқушыларына арналған сарамандық тапсырмалар. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік география курсынағы өнеркәсіп орындарына топ серуен, оның мақсаты, мазмұны, оқушыларға арналған сарамандық тапсырмалар. Топ серуен ұйымдастыру: оған оқытушы мен оқушылардың даярлығы, топ серуенді өткізу, алынған нәтижесін ретке келтіру.

Топ серуен өткізудегі оқытушылардың озат іс тәжірибелері және жиналған материалдарды география сабақтарына пайдалану.

Физикалық географияның бастауыш курсы

Физикалық географияның бастауыш курсының оқытудың білімдік, тәрбиелік дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Жер геосфераларын оқып-үйрену-курсты құрудың негізі. 6 сыныпта геосфераларды оқып үйрену жүйелілігі және педагогикалық дәлелі. Жалпы және жеке ұғымдардың ара қатынасы.

Өлке тану материалы – курс мазмұнының органикалық бөлімі. Оқытудың экологиялық принципін жүзеге асыру. Азаматтардың табиғатты сақтау, оның байлықтарын қорғау міндеттері жайында Қазақстан Республикасы Конституциясы материалдарын пайдалану. Оқушылардың табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру туралы бағдарлама талаптары.

Әрбір географиялық қабықты сипаттаудың типологиялық схемасы: вертикаль бағыттағы құрамы мен көлемі, негізгі құбылыстар, адамның шаруашылық әрекетінде пайдаланылуы, табиғатты қорғау шаралары.

Біліммен іскерлік қалыптастыру. Оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар. Білімді қалыптастыруда жекелей жұмыс жүргізудің басым болуы-оқушылардың жас ерекшеліктерінің нәтижесі. Өлкетану материалы мен табиғатқа байқау жүргізуге жүйелі түрде сүйену. Көрнекілік құралдарын кеңінен пайдалану. Оқыту әдістерін жиі ауыстыру қажеттігі.

Карта - оқып - үйрену объектісі және білім көзі. Картадан географиялық объектілерге сипаттама берудің қалыптасқан жоспары. Географиялық атауларды оқып үйрену әдістері. Оқушыларды кескін карталарды толтыруға үйрету.

Оқулық және дәптермен жұмыс істеу ерекшеліктері. Ауа райы, фенологиялық және табиғаттың басқа да құбылыстарың күн түзбесін жүргізу. Табиғаттың жеке компоненттері арасындағы өзара байланыстарды оқушыларды түсінуіне біртіндеп жеткізу. Табиғи-аумақтық кешен туралы білім қалыптастыру негізін қалаушы. «Табиғат компоненттерінің өзара байланысы» тақырыбын оқып-үйрену ерекшеліктері. Бағдарламада көрсетілетін сарамандық жұмыстар жүйесі және оларды орындау әдістемесі. Сабақтың басым түрлері.

Материктер мен мұхиттар географиясы курсы

Материктер мен мұхиттар географиясы курсының оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Курстың негізгі бөлімі-материктер мен мұхиттар табиғатының тұтас жіне өзіне тән табиғи комплекстерінің сипаты, халықтың аса маңызды белгілері және оның шаруашылық әрекетіндегі ерекшеліктер, қазіргі саяси карта. Картографиялық білімнің дамуы.

Материктер мен оның бөліктерін оқып үйрену үшін теориялық фундамент ретіндегі «жер бедері мен климатының жалпы ерекшеліктері» тақырыбының ролі. Қорытынды ретіндегі “жалпы географиялық заңдылықтар” тақырыбының жалпылау және дүниетану көзқарасы бағытындағы сипаты. Материктер мен мұхиттарды оқып - үйренудегі жүйелілік және педагогикалық дәлелі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру, оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар. Білім қалыптастырудың индукциялық және дидукциялық жолдарын ұштастыру; физикалық географияның бастауыш курсы мен пән ішіндегі байланысты орнату. Жалпы және жеке ұғымдарды қалыптастыруда өлке тану материалдарын пайдалану. Биология, тарих, физика және т.б. пәндермен пән аралық байланыстарды іске асыру әдістері. Оқыту процесінде салыстырудың ролі.

Материктер мен мұхиттар географиясы курсынағы проблемалық тапсырмалар мен проблемалық тәсіл. Бағдарламада көрсетілген жалпылай қайталауды жүргізу әдістемесі.

Қазақстанның физикалық географиясы

Оқушылардың физикалық географиядан білім алатын соңғы курстың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары.

Курстың құрылымы мен мазмұны. Курстың негізгі бөлімдері: “Қазақстан табиғатының зерттелуі”, “Қазақстан табиғатына жалпы сипаттама”, “Қазақстан табиғат кешендерінің әр түрлілігі”, “Табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және табиғатты қорғау”, олардың мазмұны және өзара байланысы.

“Қазақстан табиғатына жалпы сипаттама” бөлімін оқып-үйренуде білім мен іскерлік қалыптастыру. Қазақстан табиғатын жалпы заңдылықтар жағдайында оқып-үйрену. Бөлімді оқып-үйренуде өлке тану принциптерін жүзеге асыру. Проблемалы тәсілді пайдалану. Табиғат құбылыстары мен процестерін оқып-үйренуде физика және биология пәндерімен байланысты жүзеге асыру.

“Қазақстан табиғат кешендерінің әр түрлілігі” бөлімін оқып-үйренуде білім мен іскерлікті қалыптастыру.

Курс бойынша бағдарламада көрсетілген сарамандық жұмыстар жүйесі.

Дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясы

Дүниежүзі экономикалық және әлеуметтік географиясын оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамыту мақсаттары. Сыртқы экономикалық саясатымен таныстырудағы курстың ерекше ролі. Курстың саяси-идеялық бағыттылығы.

Дүние жүзінің саяси картасы. Дүниежүзілік табиғи ресурстар, дүние жүзі халқы, дүние жүзі шаруашылығы географиясы, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық типтегі елдердің халқы мен шаруашылығының ерекшеліктері туралы жалпы ұғымдар жүйесі. Курс мазмұнындағы типологиялық тәсіл. Қазақстан экономикалық және әлеуметтік географиясы курсымен білім және іскерлік, дүние тану идеясы жағынан пән ішіндегі байланыстар. Пәнаралық байланыстар; тарихпен байланыстың ерекше ролі.

Білім мен іскерлік қалыптастыру. Білім мен іскерлікке қойылатын талаптар. Оқыту процесінде жоғарғы сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін және курстың мектепте географиялық білімді аяқтаушы екенін еске алу. Жалпы ұғымдар қалыптастыруда дидуктивтік жолдардың басымдығы.

“Дүние жүзіне жалпы экономикалық географиялық шолудың” оқып - үйрену әдістемесі. Жалпы ұғымдарды қалыптастыру мен дүние жүзі шаруашылығы салалары географиясын оқып үйренуде пән ішіндегі байланыстарды жасау әдітері. Оқушылардың картамен, статистикалық материалдармен, оқулық мәтінімен өзбетінше істейтін жұмыстарын пайдалану.

Географиядан факультативтік курстар

Факультативтік курстар-мектепте географияны оқыту формаларының бірі. Олардың оқушыларға білім, тәрбие және кәсіптік бағдар берудегі ролі. Географиядан негізгі факультативтік курстар: “картография және топография негіздері”, “өлкетану”, “туризм және экскурсия тану негіздері” “табиғат қорғау”. Әрбір факультативтік курстың құрылымы мен мазмұнындағы ерекшеліктер, географияның мектеп бағдарламасымен байланысы. Факультативтік сабақтарын ұйымдастыру әдістері мен формалары. Оқушылардың творчестволық белсенділігін дамытудағы өз бетінше жұмыс істеу, топ серуен, семинар сабақтарының ролі. Білім мен іскерлікті тексеру ерекшеліктері

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Каймулдинова К.Д. Қазіргі дүние географиясы. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы, 2011. – 333 б.
2. Әбілмәжінова С.Ә., Бейкитова А.Н. Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, оқулық, Алматы: ВООКPRINT баспасы. 2013. – 520 бет. - 32,5 б.т.
3. Притула Т.Ю., Еремина В.А., Спрялин А.Н. Физическая география материков и океанов. Москва, ВЛАДОС, 2003. – 688 с.
4. Власова Т.В., Аршинова М. А., Ковалева Т. А. Физическая география материков и океанов. – М.:Академия, 2005. – 640 с.
5. Әбілмәжінова С. Ә., Жангелдина Д. І., Бейкитова А. Н. Палеогеография. – Алматы.:Экономика, 2011. – 360 б.
6. Әбілмәжінова С. Ә. Жалпы Жертану. – Алматы.:Дәуір, 2012 – 408 б.
7. Даринский А.В. Методика преподавания географии в средней школе. – М., 1980 г. – 280 с.
8. Баранский Н.Н. Методика преподавания экономической географии. М., 1990 г. – 324 с.
9. Бейсенова А.С. Абилмажинова С., Каймулдинова К. География. Материки и океаны. 7 кл. Алматы, Атамұра, 2003 г. – 225 с.
10. Ахметов Е.А., Карменова Н.Н., Қарыбаева Ш.Ш., Асубаев Б.К. Экономическая и социальная география Казахстана. Мектеп, Алматы 2005г.- 295 с.
11. Тилекова Ж.Т. Методика преподавания географии: Учебно-методический комплекс дисциплины. – Алматы, 2010. – 40 с.
12. Душина И.В., Понурова Г.А. Методика преподавания географии. Москва. Московский лицей. 1996 г. – 150с.
13. Максаковский В.П. Научные основы школьной географии Просвещение 1982 г.- 80 с.
14. Максимов Н.А. Методическое пособие по физической географии 1986 г. – 120 с
15. Экономическая и социальная география Казахстана. Мультимедийный электронный учебник. 2004. – 186 с.
16. Физическая география Казахстана .Электронный учебник, 2004 г.- 170 с.

Қосымша әдебиеттер және интернет көздері:

1. Пирожник И. И., Рылюк Г. Я., Еловичева Я. К. География мирового океана. – Минск: ТетраСистемс, 2006. – 320 с.
2. Еремина В.А., Притула Т.Ю., Спрялин А.Н. Практикум по физической географии материков и океанов. Москва: ВЛАДОС, 2005. – 255 с.
3. Раковская Э. М., Давыдова М. И. Физическая география России. – М.: Владос 2 часть – 2001. – 304 с.
4. Рябчиков А.М. и др. Физическая география материков и океанов. М., Высшая школа, 1988. – 592 с.
5. Абдиманапов Б.Ш. Словарь-справочник географических понятий и терминов.- А., 2014. – 224 с.
6. Леонтьев О.К., Рычагов Г.И. Общая геоморфология. – М., 1988. – 319 с.
7. Машкин В. И. Зоогеография. – М.: Академический проект. – 2006. – 384 с.

8. Короновский Н.В. Общая геология. – М. 2006 – 528 с.
9. Рапацкая Л.А. Общая геология.- М.2005. – 448 с.
10. Савельева Л.Е., Козаренко А.Е. Геология часть 1.,2 М.; 2004. – 270 с.
11. Воронов П.П., Дроздов Н.Н. Биogeография. М., 2001. – 158 с.
12. www.ru.wikipedia.org/wiki
13. www.relief.pu.ru
14. www.ocean.ru
15. www.rgo.ru/geography/fiz_geography/slovar
16. www.geografia.ru
17. www.nature.worldstreasure.com
18. www.geography.about.com/library/maps
19. www.geo.historic.ru
20. www.rgo.ru

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Географический энциклопедический словарь. Понятия и термины - М., 2008. – 324 с.
2. Бейсенова Ә. С., Каймулдинова К. Д. Жер туралы ғылымдардың қазақша-орысша-ағылшынша терминологиялық сөздігін жасаудың мәселелері. Алматы, 2010. – 92 б.
3. Моря и океаны. – М, 2010. – 304 с.
4. Атлас мира обзорно-географический. – М, 2007. – 177 с.
5. Современный атлас мира. – М, 2009. – 128 с.
6. Географический атлас мира. – М, 2002. – 104 с.
7. Универсиальный атлас мира. – М, 2006. – 312 с.
8. Большой универсиальный атлас мира.- М., 2007. – 224 с.
9. Иллюстрированный атлас (Земля). – М., 2008. – 199 с.

Кафедра менгерушісі, профессор



Абдиманапов Б.Ш.

Кафедра менгерушісі, доцент



Сабденалиева Г.М.